

Таубаев Б.Р.
**Пенитенциарлық
қауіпсіздікті қамтамасыз ету
тетігіндегі сотталғандарды тү-
зеудің мақсаты және
міндеттері**

Мақалада сотталғандардың жалпы белгілері мен ерекшеліктері бар мақсаттар мен міндеттерді ажырата білу қажет. Міндеттер мақсаттар сияқты қызметтің нақты кезеңінің соңғы нәтижесі болып табылады; мақсаттар сияқты екі нысанда, түрде қарастырылады – болжамды және тәжірибеде қол жеткізілген нәтиже ретінде. Бұл міндеттердің түрлері сәйкес болмауы мүмкін, олар ғылыми қамтамасыз етуді қоса, ұйымдастырушылық қызметтің қасиеттерінен, соның ішінде басқару қасиетіне тәуелді болады. Міндет тәжірибеде мақсат сияқты оның мазмұны мен жағдайларына түсіну шегінде түзетіледі.

Түйін сөздер: пенитенциарлық қауіпсіздік, қылмыстық-атқару құқығы, түзеу-тәрбиелеу жұмыстары, еңбек, сотталғандар, бас бостандығынан айыру.

Taubaeв B.R.
**The purposes and problems
of correction of convicts in
the mechanism of ensuring
penitentiary safety**

In article it is necessary to be able to distinguish the having features and the general signs of a task and the purpose of convicts. Tasks as the purposes are the last result of a certain stage of activity; as the purposes are considered in two forms, types – expected and as the result received in practice. Types of these tasks can be not corresponding, they depend not only on scientific providing, also organizational and the operating features of activity. In practice the task as the purpose improves according to contents and situations.

Key words: Penitentiary safety, criminal and executive right, educational corrective labors, work, convicts, imprisonment.

Таубаев Б.Р.
**Цели и задачи исправления
осужденных в механизме
обеспечения пенитенциарной
безопасности**

В статье исследуются особенности и общие признаки задачи и цели осужденных. Задачи, как и цели, являются последним результатом определенного этапа деятельности; как и цели рассматриваются в двух формах, видах – прогнозный и как результат, полученный на практике. Виды этих задач могут быть не соответствующими, они зависят не только от научного обеспечения, но и от организационного и управляющих особенностей деятельности. На практике задача как цель исправляется согласно содержанию и ситуациям.

Ключевые слова: пенитенциарная безопасность, уголовно-исполнительное право, воспитательно-исправительные работы, труд, осужденные, лишение свободы.

**ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ
ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ ТЕТІГІНДЕГІ
СОТТАЛҒАНДАРДЫ
ТҮЗЕУДІҢ МАҚСАТЫ
ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

Қазіргі тәжірибелік қолдануға қылмыстық-атқару жүйесінің қызметтері, мақсаттары мен міндеттері мәселесі мен жалпы әлеуметтік, мемлекеттік басқарудың жеткіліксіз дәрежеде өңделгендігі мемлекет, қоғамының қызмет ету жағдайларының принципалды өзгертулермен, қылмыстық-атқару жүйесімен және сол мәселенің қиындығына байланысты. Б.С. Украинцевтің айтуынша: «Бұрын ешқандай түсінік ғылымға сондай қиындықпен енгізілмеді және екі жарым мыңжылдықта пайда болу, идеалдық гиперболизациялау, сосын дискредитация мен қазіргі ғылым идеяларының негізінде «мақсат» түсінігі, одан «мақсаттылық», «мақсатты тұжырымдау» және «мақсатты себеп» сияқты туынды түсініктерден аса драмалы тарихы әлі кездеспеді» [1].

Осы мәселені жеткілікті толық зерттеген А.А. Аксенов атап өткендей, жалпы және арнайы әдебиетте мақсаттар, міндеттер мен қызметтердің өзара байланысы мен мазмұны, түсінігі туралы әр түрлі көзқарастар бар. Бір авторлар бұл түсініктер мен құбылыстарды бөлсе, басқалары оларды әр түрлі нұсқауларда қосып, бір мағыналы қолдану қажет [2]. Біздің ойымызша, тәжірибелік жобада мақсаттылығы мен ғылымдағы нәтижелі ретінде «мақсат», «міндет» және «қызмет» түсініктерін нақты ажырататын және өзара байланысқан категориялар болса да, оларды дербес қарастыратын авторлардың ойлары болып табылады. Бұл тәсіл үлкен деңгейде объективтік өмірге басқарушылық (ұйымдастырушылық) көзқарасының нақты, пәндік сипаты ретінде, тағы соңғысының шапшаң қиындатылуын көрсетеді.

Алайда, мақсаттар мен міндеттердің айырмашылықтары бар. Мақсат әрдайым – ұзақ болашаққа бағытталған, ал міндет – айтарлықтай жақын нәтижеге жетуді болжайды. Мақсатқа жету болашағы бар, стратегиялық, ал міндетті орындау – жедел басқаруды талап етеді. Міндеттердің мақсаттар сияқты басы мен соңы (уақытылы шектер) болады. Мақсатқа жету оларды жүзеге асыратын, сәйкес процестер мен жүйелерді жою қажеттілігімен ескеріледі. Алдында тұрған міндетті орындау мұны қажет етпейді, себебі ол жүйенің немесе процестің қызмет істеуінің аралық кезеңі болып табылады.

Отандық және шетелдік әдебиеттерде қызмет түсінігіне, соның ішінде басқару қызметі, оның мазмұны, қалыптасу те-

тігі, объективтік өмірдің басқа құбылыстармен өзара байланысына қалыптасқан түсініктер мен көзқарастар жоқ [3, 4].

Осы себеп бойынша И.Л. Бачило: «Басқару органдарының функцияларының мәселесі басқарудың жалпы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің жиынтығында аз зерттелген болып табылады. Оның ойынша, қазіргі кезеңде барлық кезде бөлінбейтін «функция», «басқару функциясы», «мемлекет функциясы», «мемлекеттік органдардың функциясы» мен «басқару органының функциясы» түсініктері кең қолданылады. «Функция» терминінің көп түсіндірмелері бар. Оның таралған түсінігі адам, құбылыс немесе зат, ұйымның ролі мен мағынасының анықталуымен тығыз байланысты. Ол «жұмыс», «міндет» мағынасында қолданылады», – деп жазды [5].

А.А. Аксеновтің пікірінше, функцияның мәселелерін зерттеу кезінде алдымен оның тіршілігінің нәтижесі мен объективтік өмірдің құбылысы арасындағы байланысты сипаттайтын әмбебаптылығын, болмысының шегін атап өту қажет. Сондықтан әлеуметтік және басқа құбылыстың ролі, мағынасы мен маңызы оның функциясының нақты нәтижесін алуда көрінеді [6].

Әдебиетте «функция» өзара қатынаста болатын жақын түсініктер – «мақсат», «міндет», «қызмет» пен «нәтиже» болып табылады. Оларды ажырату «функция» түсінігінің мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Мақсат – бұл әлеуметтік құбылыстың өмірлік қызметінің соңғы нәтижесі; міндет – нәтиже, бірақ жақынырақ. Функция – оның қызметінің нәтижесі (мақсаттары, міндеттері) мен құбылыс арасындағы байланыс болып табылады. Функция мен қызметті теңдестіруге болмайды – екіншісінің біріншісі, себебі қызметтің тек сол бөлігін қамтиды және нақты міндетке жетуге тікелей бағытталған құбылыстың қызметінің нәтижесіне сәйкес [7].

Заңи әдебиетте қызмет пен нақты мақсат-міндетті шешумен байланысына қарсы келушілер кездеседі. В.Ш. Фридман айтқандай: «Алайда жекелеген басты міндетті автономды шешудің болмауы сияқты, тек бір міндетке жету шегінде жеке функцияны оқшаулап орындалуының мүмкіндігі жоқ» [8]. Біздің ойымызша, бұл тәсіл маңызды талқылауды қажет етеді. Қылмыстық-атқару жүйесінің басқару қызметінде маңызды болып табылатын функцияны біркелкі түсіну үшін оның мазмұны нақты қызмет нәтижелерімен, міндеттерімен байланысы түрінде мақсаттылықпен қарастырылуына мүмкіндік беріледі.

Сол себепті қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаттары, міндеттері мен қызметтерін бір-бірімен тығыз байланысқан дербес түрде қарастыру, ал қызметті – бір бөлек міндетті орындау бойынша қызметі ретінде қарастырылуы жоғарғы дәрежеде қиындатылып жатқан басқару теориясы мен тәжірибесінің қажеттіліктеріне жауап береді. Осы тәсіл мүмкін береді: 1) қызметті аморфты, абстрактілі емес, нақты, біркелкі анықталған құбылыс (нақты міндетті шешудегі қызметі) ретінде қарастыру қажет; 2) күнделікті жұмыс пен мақсаттардың, стратегиялық және жедел басқарумен өзара байланысын ашу; 3) «мақсат-міндет-қызмет» өзара қатынасын ескере отырып, қойылған мақсаттарға жету процесін пәндік ашу; 4) қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаттары, міндеттері мен қызметтерінің мазмұнын, оның нақты құрылымдық элементтерін тұжырымдау мен жақсы түсіну; 5) күнделікті тәжірибелік жұмыспен ойдағы қызмет ретінде мақсаттар мен міндеттердің қойылуын біріктіріп байланыстыру; 6) қойылған мақсаттар, міндеттер мен қызметтерді орындау бойынша қызметіне пәндік баға беру; 7) қызметшілердің қызметтік міндеттерінің мазмұнын нақты тұжырымдау; 8) қызметшілердің кәсіби дайындығын жақсарту, оны тәжірибеге жақындату, яғни оны нақты мақсаттармен, нақты қызметтердің жүзеге асырылуымен байланыстыру; 9) танылған мақсаттар, міндеттер мен қызметтер негізінде жасалынатын құрылымды дамыту.

Келтірілген және басқа да көзқарастар басқару тәсілдерін жіктеуге әртүрлі амалдарды көрсетеді, олардың әрқайсысы өмір сүруге құқығы бар, себебі олардың жиынтығы басқару тәсілдерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Өз алдына нақты ақиқаттың объектілерін кез келген жіктеуде әрқашан болатын басқару тәсілдерін жүйелеу мен жіктеудің әртүрлі амалдарын деталды талдау, олардың оң және теріс жақтарын анықтау міндетін қоймай, оның қызметтері бойынша басқару тәсілдерін бөлуге бірнеше толығырақ тоқталайық. Біздің жағдайымызда басқару тәсілдері, олардың жіктелуіне көзқарас ауқымды басқару тәсілдерін оның мазмұнымен, оны анықтайтын мақсаттары мен тұратын мақсаттардың қызметін жүзеге асырылуымен байланысын ашатын себебінен елеулі қызығушылықты көрсетеді. Соңғысы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін басқару тәсілдерін қалыптастыру мен зерттеуі кезінде қарастырылатын мәселелерді дұрыс шешу үшін негізгі ұсыныстарын табу қажеттігімен, осы мәселенің құрастырылмағандығына байланысты үлкен маңызға ие.

Бізбен жүргізілген зерттеулер мен қайнар көздерінің талдауы кезінде қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаттары, міндеттері мен қызметтері заң ғылымдары, біріншіден қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығы позициясы негізінен зерттелінді және зерттелуде болғандықтан, қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаттары, міндеттері мен қызметтерін қалыптастыруда сәйкесінше қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының жағдайы негізге алынады.

Мақсаттар, міндеттер мен функциялардың мәселесі оның заңгерлермен зерттелінетіндігі мен нақты нормативтік актілерде реттелетіндігінде емес. Бұл қалыпты, объективті қажетті құбылыс. Заң ғылымдары тек өзінің ғана тәсілдерін қолданады және осы жүйедегі әлеуметтік тәжірибені толық және жан-жақты көрсетуге жағдайы жоқ. Бұл жағдайды әлеуметтік,

мемлекеттік, басқарушылық қызметке заңи тәсілдің жеткіліксіздігін сипаттағанда көптеген ғалымдар, соның ішінде атақты заңгерлер атап өтеді.

Бұл жағдайды елемеушілік қылмыстық-атқару мекемелері мен органдарының мақсаттары мен қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары ұқсас келетін көзқарастардың пайда болуына әкеледі. Қауіпсіз позиция ұстанатын және арасындағы байланыстың болуын атап өтетін авторлардың (В.М. Анисимков, А.А. Аксенов [9] және т.б.) көзқарастары ең дұрысы болып табылады. Әдебиетте мақсаттар, міндеттер мен функцияның жиі ажыратылмайтындығына көңіл бөлу қажет. Осыдан басқа, оның мазмұны тәжірибеде және қылмыстық-атқару жүйесінде, мемлекетте, қоғамда көрініс табатынын, өзгеретінін есепке алу қажет.

Әдебиеттер

- 1 Украинцев Б.С. Самоуправляемые системы и причинность. – М.: Мысль, 1972. – С. 88.
- 2 Аксенов А.А. Проблемы государственного управления в уголовно-исполнительной системе России. Состояние и перспективы (организационно-правовой аспект). – Рязань: Ин-т права и экономики МВД РФ, 1995. – 158 с.
- 3 Байтин И.И. Сущность и основные функции социалистического государства. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1979. – С. 190-301.
- 4 Козлов Ю.М. Управление народным хозяйством СССР. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1969. – Ч. 1. – 98 с.
- 5 Бачило И.Л. Функции управления (правовые проблемы оформления и реализации). – М.: Юрид. лит., 1976. – 113 с.
- 6 Фридман В.Ш. Внутренние функции общенародного государства и их конституционное закрепление // Конституция СССР и дальнейшее развитие государственного управления и теории права. – М., 1979. – С. 42.
- 7 Пискотин М.И. Социализм и государственное управление (уроки истории и перестройка). – М.: Наука, 1988. – 123 с.
- 8 Анисимков В.М. О концепции развития уголовно-исполнительной системы и механизме ее реализации // Стратегические цели и приоритетные задачи МВД России: материалы межведомственной научно-практической конференции. – М.: Академия МВД РФ, 1996. – Ч. 2. – С. 171.
- 9 Аксенов А.А. Проблемы государственного управления в уголовно-исполнительной системе России. Состояние и перспективы (организационно-правовой аспект). – Рязань: РИПЭ МВД РФ, 1996. – 214 с.

References

- 1 Ukrainev B.S. Samoupravljaemye sistemy i prichinnost'. – M.: Mysl', 1972. – S. 88.
- 2 Aksekov A.A. Problemy gosudarstvennogo upravlenija v ugovolno-ispolni-tel'noj sisteme Rossii. Sostojanie i perspektivy (organizacionno-pravovoj aspekt). – Rjazan': In-t prava i jekonomiki MVD RF, 1995. – 158 s.
- 3 Bajtin I.I. Sushhnost' i osnovnye funkicii socialisticheskogo gosudarstva. – Saratov: Izd-vo Sarat. un-ta, 1979. – S. 190-301.
- 4 Kozlov Ju.M. Upravlenie narodnym hozjajstvom SSSR. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1969. – Ch. 1. – 98s.
- 5 Bachilo I.L. Funkcii upravlenija (pravovye problemy oformlenija i realizacii). – M.: Jurid. lit., 1976. – 113s.
- 6 Fridman V.Sh. Vnutrennie funkicii obshhenarodnogo gosudarstva i ihkonstitucionnoe zakreplenie // Konstitucija SSSR i dal'nejshee razvitie gosudarstvovedenija i teorii prava. – M., 1979. – S. 42.
- 7 Piskotin M.I. Socializm i gosudarstvennoe upravlenie (uroki istorii i perestrojka). – M.: Nauka, 1988. – 123 s.
- 8 Anisimkov V.M. O koncepcii razvitija ugovolno-ispolnitel'noj sistemy i mehanizme ee realizacii // Strategicheskie celi i prioritetyne zadachi MVD Rossii: Materialy mezhhvedomstvennoj nauchno-prakticheskoi konferencii. – M.: Akademija MVD RF, 1996. – Ch. 2.- S. 171.
- 9 Aksekov A.A. Problemy gosudarstvennogo upravlenija v ugovolno-ispolni-tel'noj sisteme Rossii. Sostojanie i perspektivy (organizacionno-pravovoj aspekt). – Rjazan': RIPJe MVD RF, 1996. – 214 s.